



## **2024-2025 оқу жылының бірінші жартыжылдығында барысында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында атқарылған жұмыстар есебі**

**Негіздеме:** -Қазақстан Республикасының Оқу- ағарту Министірінің Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы 30.04.2024 жылғы №194 бұйрығы

- «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» ӘНХ

**Мақсаты:** -Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

**Міндеттері:** -Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу;

- Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
- табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.
- Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:  
елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;  
отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:  
басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
- өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;  
еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;  
біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.
- Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:  
әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
- білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру; ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету; отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Біртұтас тәрбие бағдарлама аясындағы жобалар: «Балалар кітапханасы» жобасы, «Таза LIKE» жобасы, «Шабыт» жобасы, «Қамқор»

жобасы, «Оқуға құштар мектеп» жобасы, «Еңбегі адал жас өрен» жобасы. «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Кітаптар керуені» акциясы өткізілді.

«Менің Қазақстаным» жобасы аясында әр дүйсенбі сайын тәрбиеленушілермен бірге Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны орындалды. «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» үзіліс уақыттарында тәрбиеленушілермен қазақтың ұлттық ойындары (асық ату, қыз қуу, секірімек, шыр, тақия тастамақ, бес тас және т.б.) өткізілді.

«Өнегелі 15 минут» әр апта соңында ата-аналар өз балаларымен адамгершілік-рухани тақырыптар аясында жеке әңгімелесу жүргізді.

«Үнемді тұтыну» тәрбиеленушілерге жарық пен суды ұтымды пайдалану жадынамалары таратылып, тәрбие сағаттары өткізілді.«Қауіпсіздік сабағы» аясында әр аптаның бір күні техникалық қауіпсіздік нұсқаулығына арналды.

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында тәрбиеленушілермен «Бірге ертегі оқиық» челленджі өткізілді.

01.10.2024 ж. Педагог-тәрбиешілер Аманова А.И. мен Горан В.В. бірлесіп 1 қазан қарттар күніне арналған мерекелік іс-шара ұйымдастырды. Мақсаты: тәрбиеленушілер бойында қарттарымызға деген құрмет пен сыйластық, ізеттілік білдіру.

04.10.2024ж . Мұғалімдер күніне орай бастауыш сынып оқушылары республикалық «Даналық ұстаздан» челленджіне қатысып, өз ұстаздарына деген алғыстарын білдірді.

11.10.2024 «Арайлы алтын күз» мерекелік іс-шарасын педагог-тәрбиешілер Сулейменова А.С., Чанваева А.Т., Қадылқанова А.Д. өткізді. Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру. Күз өнімдерімен таныстыру, мерекелік көңіл-күй орнату, шығармашылық ой қиялдарының дамуына ықпал ету.

24.10.2024 ж. «Менің Отаным-Қазақстан» 25 қазан Республика күні салтанатты жиынын тәрбиеші-педагогтар Сатпаева А.М., Дуйсенбаева М.К., Горан В.В. өткізді. Мақсаты: Балалардың туған жерін, елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту.

13.12.24 ж. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіздік мақтанышым» атты салтанатты жиын өткізілді. Жауапты: педагог-тәрбиешелер Махметова Н.М., Ермекқызы Н., Козлова К.Е.

25.12.2024 ж. «Жаңа жыл кеші» атты 0 және 1 сыныптарының жаңа жылдық кешін педагог-тәрбиешілер Малтаева Г.С., Ауғанбекова А.Б., 26.12.2024 жылы 2-4 сыныптардың Жаңа жыл кешін педагог-тәрбиешілер Кунанбаева А.Т. мен Сатпаева А.М. өткізді. Балалар жаңа жылдың сиқырлы атмосферасын сезініп, өз өнерлерін ортаға салды.

19.03.2025 жылы «Қош келдің, әз Наурыз» атты мерекелік іс-шарасын Чанваева А.Т., Ауғанбекова А.Б., Козлова К.Е. өткізді. Мақсаты: Балаларға ұлттық мереке-жыл басы Наурызды халқымыз қалай қарсы алғандығын

үйретіп, насихаттау. Наурыз мерекесі жөніндегі білген, түйгенін одан әрі толықтыру; Оқушыларға ұлттық өнерімізді, ойындарды, салт-дәстүрімізді еркін меңгеріп, шебер орындай білу дағдыларын қалыптастыру.

2025 жылдың 27 қаңтары мен 7 ақпан аралығында педагог-тәрбиешілер әдістемелік бірлестігінің «Ұлт болашағы- саналы ұрпақ» атты «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы концепциясы негізінде ашық апталығы өтті. Апталықтың әр күнінде балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Сондай-ақ әр топ тәрбиешілері өз шеберліктерін көрсете отырып, ашық тәрбие сағаттарын өткізді.

2025 жылдың 30 қаңтарында 3 «ә» сынып тәрбиешілері Кунанбаева А.Т., мен Дуйсенбаева М.К. «Ұшқыр ой алаңы» интеллектуалды ойынын өткізді.

**Мақсаты:** Біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде балалардың ұлттық құндылықтар туралы білімдерін жинақтап, тереңдету.

**Міндеттері:** ойын арқылы алған білімдерін толықтыру, ой-өрісін дамыту, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Тәрбиеленушілердің логикалық ойлау, интеллектуалдық қабілеттерін, зеректілігін қалыптастыру, қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру, танымдық, шығармашылық ізденістерін ұштау. Тапқырлыққа, топпен жұмыс жасай отырып, өзгенің пікірін құрметтеуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

**Әдіс-тәсілдері:** топпен жұмыс, ойын, мадақтау әдісі.

2025 жылдың 31 қаңтарында 1 «ә» сынып тәрбиешілер Сулейменова А.С. мен Малтаева Г.С. «Отбасы құндылықтары» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді.

**Мақсаты:** Балалардың отбасы туралы түсініктерін кеңейту, өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету. Балалардың есте сақтау, ойлау қабілеттерін, тіл байлығын, өз беттерінше жұмыс істеу дағдыларын дамыту. Балаларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, ептілікке, өз ойын жеткізе білуге тәрбиелеу.

Ұйымдастырушылық сәт оқушылардың қарым-қатынасы мен бірлескен іс-әрекетіне психологиялық және эмоционалды көңіл-күй мақсатында өткізілді. Сонымен қатар ұлттық құндылығымыз киіз үймен байланыстырылды.

Балалар тәрбие сағатының тақырыбын өз бетінше анықтады. Анықтау барысында киіз үйге жасырылған отбасы мүшелерінің суреттері және «Отбасы» туралы бейнефильм көрсетілді. Негізгі кезеңдегі барлық тапсырмалар бір-бірімен байланысты болды және әрбір келесі тапсырманы орындамас бұрын әр киіз үйді аша отырып әрқайсысы өз отбасы туралы ойларын ортаға салды. Пазл құрастыру ойының тапсырмалары әліппе және математика сабақтарымен байланысты болды. Және оқушылардың жас және жеке ерекшеліктері ескерілді. Амина мен Әбдірахым, Еркежан диагноздары бойынша тапсырмаларды орындау барысында көмекті қажет етеді.

Ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында асық нейрожаттығуы, секірмек ойыны, күй, асықтар әуені тәрбие сағатының құрылымына кірістірілді.

Оқушылардың сөйлеуіне, сөздік қорын кеңейтуге көп көңіл бөлінді. Пайдаланылған көрнекілік балалардың жан-жақты дамуына және олардың қызығушылығын арттыруға ықпал етті. Рефлексия кезеңінде біз қол жеткізілген нәтижелерді талдап, тәрбие сағатына да, әр оқушының тәрбие сағаты барысындағы іс-әрекетіне де баға берді.

2025 жылдың 31 қаңтарында 2 сынып тәрбиешісі Горан В.В. «Мамандықтар әлемі» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді.

Мақсаты: балаларда әртүрлі мамандықтар және олардың өзара қарым-қатынасы туралы түсінік қалыптастыру.

Балалардың ұсақ моторикасын, ой-өрісін және әртүрлі мамандықтар туралы білімдерін дамытуға арналған «Пән қай мамандыққа байланысты» ойыны. Келесі физикалық болды. бір минут назар аудару және сабақтың тақырыбымен байланыстыру. «Мамандық тап» ойыны есте сақтауды, зейінді және интеллектті жаттықтыруға арналған. Қолдар мен саусақтарды қыздыру ретінде «Шаштараз» нейрожаттығуы ұсақ моториканы дамытады.

2025 жылдың 3 ақпан күні 3 «А» сынып тәрбиешісі Козлова К.Е.

«Қоғамдық көліктегі қауіпсіздік ережелері бойынша нұсқаулық, жаяу жүргіншілердің жолда жүру ережелері» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді.

Мақсаты: Көліктегі өзін-өзі ұстау ережелерімен таныстыру, оқушылармен жолда жүру ережелерін қайталау.

2025 жылдың 3 ақпан күні 4 сынып тәрбиешісі Сатпаева А.М. «Достық айнасы» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді.

Мақсаты: Оқушылардың достасу, шынайы дос болу қабілеттерін дамыту, өмірді қуанышқа толтыру жолдарының бірі ретінде міндеттерді орындаудың маңыздылығын түсіну.

Тапсырмалар:

- адал достық және оның міндеттері туралы түсініктерін кеңейту;
- адал достық пен достық қарым-қатынасты, шынайы достықты өтіріктен ажырата білу қабілеттерін дамыту;
- достықта шынайы және риясыз қарым-қатынас құру үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.

2025 жылдың 4 ақпан күні 2 сынып тәрбиешісі Махметова Н.М. «Труд красит человека» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді.

Мақсаты: балалардың еңбектің қоғамдағы маңызы туралы түсініктерін кеңейту.

Міндеттері:- еңбекке және еңбек адамдарына құрмет пен сүйіспеншілікті тәрбиелеу;

-еңбектің адам өміріндегі қажеттілігін көрсету;

-оқушылардың негізгі мақсаты оқу екеніне көз жеткізу.

2025 жылдың 4 ақпан күні 1 сынып тәрбиешісі Горелова Е.В. «Будь здоров» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді.

Мақсаты: Оқушыларды салауатты өмір салты негіздерімен таныстыру және балаларға тұмау мен ЖРВИ алдын алудың қарапайым ережелерін үйрету.

Міндеттері: «Салауатты өмір салты» ұғымын түсіндіру.

Дұрыс тамақтану, дене шынықтыру және гигиенаның маңыздылығы туралы айту.

- ЖРВИ және тұмаудың алдын алу әдістерін үйрету.

Әдіс-тәсілдер: көрнекілік, ауызша, сұрақ-жауап

2025 жылдың 5 ақпан күні 3 «Ә» сынып тәрбиешісі Ермекқызы Н. «Мамандықтар марафоны» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді.

Мақсаты: оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыта отырып, болашақ мамандыққа байланысты ұғымдарын тереңдетіп, қызығушылықтарын арттыру. Жұмыстың мазмұнымен, мағынасымен айрықшаланатын мамандық әлеміне түрлілігі туралы түсінік қалыптастыру.

Тәрбиелік: Оқушылардың бойына жақсы қасиеттерді сіңіру, мамандық таңдай білуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.